

«БЕКІТЕМІН»

«Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ

Басқарма мүшесі – Ғылым және

коммерцияландыру жөніндегі

проректор

Ж. Құрманғалиева

2025 ж.



«Еуразия халықаралық құқық журналы» (ЕАХҚЖ) РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер.

1.1 «Eurasian Journal of International Law (EAJIL)» («Еуразия халықаралық құқық журналы» (ЕАХҚЖ), «Евразийский журнал международного права» (ЕАЖМП) ғылыми журналын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ, Қазақстан) мен Ресей халықтар достығы университеті (РХДУ, Ресей) 2022 жылдан бастап шығара бастады.

1.2 Редакция алқасы құрамына жоғары оқу орындарында, ҒЗИ, Президент Әкімшілігінде, Парламентте, Жоғарғы сот және басқа да мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда жұмыс тәжірибесі бар Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің, Қырғызстан және Тәжікстанның көрнекті ғалымдары мен практиктері кірді. Олардың қатарында БҰҰ үш қызметкері, яғни БҰҰ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитетінің мүшесі, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің бұрынғы мүшесі, БҰҰ Арнайы баяндамашысы бар.

1.3 Жарияланымдар қазақ, орыс ағылшын тілдерінде шығарылады.

1.4 Журналдың шығу мерзімділігі: жылына 4 рет, үш айда бір рет.

1.5 Журналдың сайты: <https://ejil.enu.kz/index.php/main/index>

2. Журналдың мақсаттары мен міндеттері.

Журналдың мақсаты – қазақстандық ғылымды халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялау, халықаралық құқық саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулердің өзекті бағыттары бойынша Еуразия кеңістігі ғалымдарының мынадай мәселелер бойынша ғылыми зерттеулерінің жаңа идеялары мен нәтижелерін ұсыну:

- халықаралық құқық пен интеграциялық құқықтың қазіргі жағдайы мен дамуы (Еуропа Одағы, ЕАЭО, ТМД және т.б.);

- мемлекеттердің адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық органдармен және ұйымдармен ынтымақтастығы;

- халықаралық, интеграциялық және мемлекетішілік құқықтың арақатынасы мен өзара іс-қимылы;

- халықаралық құқықтың тарихы, теориясы мен әдіснамасы және теориялық және практикалық қызығушылық тудыратын қазіргі халықаралық құқықтың басқа да өзекті аспектілері.

Журналдың міндеттері:

- халықаралық құқықтың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың пікір алмасуы үшін ашық диалог алаңына айналу;
- қалыптасқан және жас ғалымдарға, мамандарға, халықаралық ұйымдардың және ұлттық мемлекеттік органдардың мүшелеріне, оқытушыларға халықаралық құқық саласында теориялық, қолданбалы және практикалық маңызы бар іргелі және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін жариялауға мүмкіндік беру;
- ғылыми басылымның отандық және шетелдік мамандандырылған деректер базаларындағы рейтингін арттыру;
- халықаралық құқық саласындағы жаңа зерттеулер мен идеялар арқылы отандық және әлемдік ғылымды байыту.
- «ашық қолжетімді» (Open access) ғылыми басылымының типі бойынша журналды дамыту;
- халықаралық деректер базасында және ашық электрондық ресурстарда журналдың қатысуын кеңейту;
- журналды шетелдік оқырмандарға қол жетімді ету, яғни зерттеудің мәнін кеңейтілген түрде (**Abstract**) және түйін сөздерді (**Keywords**) ағылшын тілде жариялау, пайдаланылған әдебиеттер тізімін латын әліпбиінде (**References**) қайталау;
- редакция алқасы құрамын, оның ішінде Хирш индексі жоғары шетелдік ғалымдарды тарта отырып, кеңейту;
- журналды Web of Science және/немесе Scopus халықаралық деректер базаларына енгізу мақсатында одан әрі ілгерілету.

3. Ашық қолжетімділік саясаты.

Ғылыми басылымның саясатын іске асыру «зерттеу нәтижелерін еркін ашық қолжетімді ету жалпыға ортақ білімнің артуына ықпал етеді» деген негізгі қағидатқа сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мұрағаттау.

Қор қалыптастыру және электрондық кітапханаға енгізу үшін ғылыми журналдың электрондық нұсқалары «ҰМҒТСО» АҚ-на ұсынылады. Журнал материалдарды Қазақстандық ғылыми дәйексөз индексі, РИНЦ-Elibrary.ru, «EBSCO» базаларында мұрағаттауды жүзеге асырады.

Журналдың редакция алқасы авторлардың жарияланған материалдарды (журналға сілтеме жасай отырып) үшінші тарап репозиторийлерінде орналастыруына кедергі келтірмейді.

5. Жариялау шарттары.

Журнал редакциясына келіп түскен барлық қолжазбалар журналдың тақырыбына, талап етілетін түпнұсқалық деңгейіне, техникалық, этикалық және басылымның өзге де талаптарына сәйкес болуы және «жабық» рецензиялаудан өтуге тиіс. Олар бұрын баспа және/немесе электрондық түрде жарияланбаған болуы қажет.

Плагиатты тексеру жүйесі арқылы тексерілгеннен кейін **түпнұсқалығы кемінде 70% болатын** қолжазбалар ғана әрі қарай рецензиялауға жіберіледі. Алынған рецензиялардың негізінде журналдың редакциялық алқасы жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдайды. Ғылыми мақалалар үш тілде, яғни қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады. Мақаланың редакцияға түскен күні оның түпкілікті нұсқасы редакцияға келіп түскен күн болып есептеледі.

Жасанды интеллектінің (ChatGPT және т.б.) көмегімен дайындалған мақалалар жариялауға қабылданбайды.

Мақала төмендегідей құрылымға сәйкес болуға тиіс (2-4 тармақтар қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жіберіледі):

1. Жұмыс мәтіні **ГТАХР** (Ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы) **рубрикаторынан** басталады (анықтау сілтемесі: <http://grnti.ru/>).

2. Мақаланың атауы және автор (авторлар) туралы мәліметтер – аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аффилиациялары (ұйымның атауы), мемлекет атауы және жарияланым авторларының барлығының электрондық мекенжайлары (e-mail) (хат-хабар алмасуға жауапты авторды көрсете отырып), автор(лар)дың ORCID нөмірі.

3. Аңдатпа (150–250 сөз).

4. Түйін сөздер (Keywords) (7–10 сөз).

5. Кіріспе (Introduction).

6. Материалдар мен әдістер (Materials and methods).

7. Нәтижелер мен талқылау (Results and discussion).

8. Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болған жағдайда) (Acknowledgements).

9. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі және References – әдебиеттердің транслитерацияланған тізімі (транслитерация <http://translit-online.ru> сайтында жүзеге асырылады).

Ағылшын немесе орыс тілдерінде мақала жіберген шетелдік авторлар үшін мақаланың атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпа мен түйін сөздерді қазақ тіліне журнал редакциясы аударды. Мақаланың мазмұны үшін жауапкершілікті автор (авторлар) өз мойнына алады. Журналдың бір нөмірінде бір автордан бірден артық жарияланымға жол берілмейді.

Әрбір мақаланың DOI (digital object identifier – нысанның цифрлық идентификаторы) нөмірін журнал редакциясы айқындайды.

Мақаланың көлемі 7 беттен кем емес, бірақ 16 беттен аспауға тиіс. Мақала көлемін есептеу кезінде аңдатпа, түйін сөздер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, references, сондай-ақ автор туралы мәліметтер (қазақ, орыс және ағылшын

тілдерінде) есепке алынбайды. Көрсетілген көлемнен асатын жұмыстар журналдың редакция алқасының шешімімен жариялауға қабылдануы мүмкін.

Аңдатпа (Abstract) – ғылыми мақаланың қысқаша мазмұнын білдіреді және оқырманға мақаланың мәнін жылдам түсінуге көмектесу үшін пайдаланылады. Аңдатпаның көлемі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әрқайсысында 150–200 сөзді құрауға тиіс.

Аңдатпаның құрылымы келесі тармақтарды қамтиды:

- зерттеу тақырыбына кіріспе сөз;
- ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары;
- жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына қысқаша сипаттама;
- зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы;
- зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері, талдауы мен қорытындылары;
- жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі);
- жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы.

Түйін сөздер (7–10 сөз немесе сөз тіркесі) мақаланың негізгі мазмұнын ашуға, зерттеудің пәндік саласын айқындауға және мәтінде кездесуге тиіс. Түйін сөздер бір-бірінен үтір арқылы бөлінеді.

Кіріспе (Introduction) келесі негізгі элементтерден тұрады:

- тақырыпты таңдаудың негіздемесі, тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Тақырыпты негіздеу кезінде алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін талдау (Literature review) арқылы отандық және шетелдік авторлардың зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты іргелі және жаңа еңбектері қамтылуы, олардың ғылыми үлесі тұрғысынан талдануы, сондай-ақ проблемалық жағдайдың негізделуі, белгілі бір зерттеулердің жоқтығы, талданып отырған тақырыптың жаңа қырының пайда болуы және т.б. көрсетілуге тиіс;

- тақырыптың өзектілігі ғылым мен қоғамның зерттеу нысанына деген жалпы қызығушылық бар екенімен, алайда қолда бар сұрақтарға толыққанды жауаптардың жоқтығымен айқындалады және ол тақырыптың теориялық және/немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді;

- зерттеу объектісін, пәнін, мақсаттарын, міндеттерін, әдістерін, тәсілдерін, гипотезасын және жұмыстың маңызын айқындау.

Материалдар мен әдістер (Materials and methods) бөлімі пайдаланылған материалдардың сипаттамасын, сондай-ақ қолданылған әдістердің толық сипаттамасын қамтуға тиіс.

Ғылыми әдіснама келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

- зерттеу сұрағы (сұрақтары);
- ұсынылатын гипотеза (тезис);
- зерттеу кезеңдері;
- зерттеу әдістері.

Зерттеу материалының сипаттамасы немесе сипаттап баяндалуы оны сапалық және сандық тұрғыдан ұсынуды қамтиды. Материалдың сипаттамасы

(халықаралық-құқықтық актілер, нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік бағдарламалық құжаттар, ресми статистика, ғалымдардың еңбектері және т.б.) — зерттеу қорытындылары мен қолданылған әдістердің дұрыстығын айқындайтын факторлардың бірі.

Мақаланы дайындау барысында жасанды интеллект (ChatGPT) қолданылған болса, осы бөлімде ол туралы мәлімет көрсетіледі.

Нәтижелер мен талқылау (Results and Discussion) — мақаланың ең маңызды бөлімдерінің бірі. Бұл бөлімде алынған зерттеу нәтижелеріне талдау жасалып, олар талқыланады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша тұжырымдар келтіріліп, негізгі мәні ашылады. Сондай-ақ жұмыс нәтижелерін алдыңғы зерттеулердің, талдаулар мен тұжырымдардың нәтижелерімен салыстыра отырып талдау және тиісті талқылау жүргізілуі қажет.

Қорытынды (Conclusion) — осы кезеңдегі жұмысты жинақтау және қорытындылау; автор ұсынған тұжырымның дұрыстығын растау, сондай-ақ алынған нәтижелерді ескере отырып ғылыми білімнің өзгеруі жөніндегі авторлық қорытындыны білдіреді. Қорытындылар абстрактілі болмауға тиіс, олар белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін жалпылау үшін қолданылып, әрі қарайғы зерттеулерге арналған ұсыныстарды немесе мүмкіндіктерді сипаттауы қажет. Қорытындының құрылымы келесі сұрақтарды қамтуға тиіс: Зерттеудің мақсаттары мен әдістері қандай? Қандай нәтижелер алынды? Қандай тұжырымдар жасалды? Нәтижелерді енгізу, қолдану перспективалары мен мүмкіндіктері қандай?

Кестелер тікелей жұмыс мәтініне енгізіледі. Олар нөмірленіп, мәтінде тиісті сілтемелермен бірге берілуге тиіс. Суреттер мен графиктер PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы қажет. Нүктелік суреттер 600 dpi ажыратымдылықта орындалуға тиіс. Суреттерде барлық бөлшектер анық әрі айқын көрінуі қажет.

Алғыс (Acknowledgments) — мақалаға автор(лар)дың қалауымен енгізілетін бөлім, ол мақаланың басында немесе соңында орналастырылады. Бұл бөлімде ғылыми зерттеулерге бөлінген гранттар мен өзге де қаржыландыру көздері үшін, сондай-ақ ұстаздарға, әріптестерге және т.б. алғыс білдіріледі.

Авторлардың үлесі. Егер мақалада екі немесе одан да көп автор болса, олардың әрқайсысының мақаланы жазуға қосқан нақты үлесін көрсету қажет. Авторлық үлес еркін нысанда беріледі. Мысалы: А. — идея авторы, мақаланың құрылымын әзірледі, тақырып бойынша халықаралық-құқықтық актілерді іріктеп, талдады, мақаланың түпкілікті нұсқасын редакциялады; В. — ұлттық құқық пен шетелдік тәжірибені талдады; С. — графиктер мен кестелерді жасады, дереккөздердің нақты библиографиялық деректерін нақтылады және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі тек жұмыс мәтінінде сілтемелер жасалған дереккөздерді ғана қамтуға тиіс. Жарияланбаған еңбектерге сілтеме жасауға жол берілмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 10-нан астам дереккөзден тұруы керек, оның ішінде соңғы 10 жылда жарияланған іргелі және заманауи еңбектер

қамтылуға тиіс. Сілтеме жасалған дереккөздердің сапасы мен саны мақаланың өзектілігін көрсетеді.

Жұмысқа қатысы жоқ дереккөздерге сілтемелердің болуына, автордың өз жетістіктері туралы орынсыз пайымдаулар, сондай-ақ автордың алдыңғы еңбектеріне шамадан тыс көп сілтеме жасауға **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ**.

Осы талаптардың кемінде біреуі сақталмаған жағдайда мақала қарау үшін қабылданбайды.

Мақалаларды қарастыру тәртібі

Мақалалар қабылдануы әр тоқсанның алғашқы 2 айында жүзеге асырылады.

1. Негізгі автор (хат-хабар алмасуға жауапты автор) Журналдың электрондық порталында тіркеледі, мақаланы Microsoft Word бағдарламасында дайындап, Open Journal System (OJS) жүйесі арқылы жүктейді (парақ – А4, портреттік орналасу, барлық жағынан 20 мм, қаріп: Times New Roman, көлемі – 14 кегль).

2. Автордан келген қолжазба Журнал редакциясына түседі. Журнал редакциясы қолжазбаның техникалық талаптарға сәйкестігін тексереді. Қолжазбамен бірге автор ілеспе хатты ұсынады (1-Қосымша), ұсынылған материалдың түпнұсқалығын растайды, плагиатты тексеруге келісім береді, мақаланы әртүрлі мәліметтер базасы мен ақпараттық жүйелерге қосады және жарияланған жағдайда баспагерге айрықша құқықтар береді.

3. Бас редактор (жауапты редактор, бағыт бойынша бас редактордың орынбасары) мақаланы Журнал тақырыбына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Сәйкес келмеген жағдайда Журнал редакциясы авторға электрондық хат арқылы жариялаудан бас тарту себебін немесе мақаланы жетілдіруге қатысты ұсыныстарды хабарлайды.

4. Редакцияға түскен барлық мақалалар плагиатқа тексеруден өтеді. Журнал редакциясы қолжазбаның өздігінен жазылғанын лицензиялық автоматты тексеру жүйесі арқылы тексереді (<https://antiplagiat.enu.kz/>, «Turnitin - iThenticate»).

Авторларға плагиатқа тексеру бойынша электрондық есептер берілмейді. Қажет болған жағдайда редакция авторға жүйеден алынған түпнұсқалық пайызын көрсететін анықтама ұсынады.

Бұрын жарияланған мақалалар, олардың басқа тілдерге аудармалары (қазақ, орыс, ағылшын және т.б.), сондай-ақ басқа журналдарға (басылымдарға) рецензиялауға ұсынылған мақалалар қарастыруға қабылданбайды. Журнал редакциясы бұл туралы негізгі авторға хабарлайды. Мақала қабылданбаған жағдайда редакция бас тарту себептері бойынша талқылауға қатысу құқығын өзінде сақтайды.

Журнал редакциясы қажетті түпнұсқалық шектен өткен мақаланы бас редакторға (жауапты редакторға, бас редактордың орынбасарына) жібереді.

5. Бас редактор (бас редактордың орынбасары, бағыт бойынша жауапты редактор) бастапқы іріктеуден өткен әрбір мақала үшін тиісті тақырып бойынша

ғалым немесе маман ретінде рецензенттерді анықтайды. Бұл процедура OJS (Open Journal System) жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

6. Журнал редакциясы мақаланы Журналда жариялауға болатындығын анықтау үшін оны плагиатқа тексерілген толық есебімен бірге рецензенттерге жібереді.

7. Журналда екіжақты (жабық) рецензиялау рәсімі қолданылады, редакция рецензенттер мен авторлардың ат-жөндері туралы мәліметті жабық сақтайды. Мақаланы алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде рецензент журнал редакциясына мақала бойынша зерттелетін тақырыптың өзектілігін, автордың ғылым саласына қосқан үлесін, алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығын бағалауды қамтыған негізді рецензияны ұсынады. Барлық рецензиялар мақаланы жариялауға ұсыну (түзетуге жіберілген немесе өзгеріссіз) немесе оның қайтарылуы туралы толық ақпаратқа ие. Барлық рецензиялар журнал редакциясына түседі.

Рецензияда мақаланы түзету туралы ұсыныс болған жағдайда, автор мақаланың түзетілген нұсқасын мүмкіндігінше қысқа мерзімде ұсынуы қажет. Мақаланы түзету авторларға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберілгеннен бастап бір аптадан аспай орындалуға тиіс. Мақаланың түзетілген нұсқасы рецензентке қайта қарау үшін жіберіледі. Бұл процесс рецензенттің мақала бойынша түпкілікті шешімін алғанға дейін қайталанады. Рецензенттің ескертулерімен келісіп, бірақ оларды түзетуге ниет білдірмеген жағдайда (ескертулерді толық жоймай мақаланы үшінші рет ұсынғаннан кейін) мақала қабылданбайды. Рецензенттің ескертулерімен келіспеген жағдайда автор/авторлар журналдың бас редакторына негіздемеге сүйенген хат жібереді. Бас редактор автордың/авторлардың өтінішін қарастыра отырып, шешім қабылдайды.

Егер автор рецензия жіберілген күннен бастап екі апта өткеннен кейін түзетілген нұсқаны ұсынбаса, сондай-ақ авторлардан мақаланы түзетуден бас тартқаны туралы хабарлама болмаса, редакция оны есептен шығаруға құқылы. Мұндай жағдайларда авторларға түзетуге берілген мерзімнің өтуіне байланысты қолжазба есептен шығарылатыны туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

Редакция алқасының мақала бойынша барлық рецензиялары мен шешімдері мақала жіберу барысында метадеректерде көрсетілген негізгі авторға (немесе хат-хабар алмасатын авторға) жіберіледі. Мақала бойынша барлық материалдар (мақаланың соңғы нұсқасы, рецензиялар, плагиат бойынша есеп және олар болған жағдайда басқа құжаттар) редакция алқасының отырысына жолданады. Мақаланы Журналда жариялауға мүмкіндік беру туралы шешімді рецензенттердің қорытындылары негізінде Журнал редакциясы алқасы қабылдайды. Теріс рецензия алған және редакция алқасы қабылдамаған мақалалар қайта қарауға қабылданбайды. Мақалалар бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда түпкілікті шешімді журналдың бас редакторы қабылдайды.

8. Жариялау **материалдың дайын болуына қарай жалпы кезек тәртібімен** жүзеге асырылады. Редакция дайындалып жатқан шығарылымдардың айдарларына сәйкес кезекті қалыптастыруға құқылы.

9. Нөмірдің мазмұны анықталғаннан кейін редакция мақала мәтіндерін (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) түзету мен журналдың макетін жинақтауды ұйымдастырады.

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Библиографияны жасау кезінде «Harvard Referencing Style» жүйесі қолданылады.

Әдебиеттер тізімі алфавиттік ретпен жасалады, нөмірлеу қажет емес. Библиографиялық тізімде мақалада сілтеме жасалған барлық кітаптар, мақалалар, диссертациялар және басқа ғылыми еңбектер көрсетіледі. Тізім жұмыстың соңында орналастырылады. Автордың аты-жөні, жарияланған жылы, атауы, басылған жері және баспахана көрсетіледі.

Кітап бөлімдері мен мақалалардың атаулары **ағылшын тіліндегі тырнақшамен (“ ”)** бөлінеді

Мәтін ішіндегі сілтемелер. Harvard жүйесін қолданғанда мәтін ішіндегі дәйексөздер дереккөз туралы негізгі ақпаратты береді: автордың тегі, жарияланған жылы және бет нөмірі. Әдетте бұл мәліметтер **дөңгелек жақшаларда** көрсетіледі. Мысалы, стандартты дәйексөз – (Jones, 2024) немесе нақты бетке сілтеме кезінде – (Jones, 2024, p. 23) деп беріледі.

Авторды көрсету. Автордың тегі көрсетіледі, кейін үтір арқылы инициалдары беріледі. Бір автордың бірнеше еңбектеріне сілтеме хронологиялық тәртіпте жасалады. Бір жылы жарияланған еңбектерді айыру үшін жылға латин әріптері қосылады: (Jackson, A., 2024a: 12), (Jackson, A., 2024b: 75–76).

Егер мақаланың екі авторы болса, олардың тегі **and** арқылы бөлінеді. Үш автор болса, бірінші мен екінші үтір арқылы, екінші мен үшінші **and** арқылы бөлінеді. Үштен көп автор болса, алғашқы үш автор үтір арқылы көрсетіледі, кейін **et al.** қойылады: (Jackson, A., Doe, A., Brown et al., 2022).

Халықаралық-құқықтық актілерге, ішкі нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік бағдарламалар және т.б. сілтемелер қатарлық соңғы сілтемелер түрінде рәсімделеді.

Сілтеме жасалған жарияланым атауы *курсивпен* көрсетіледі.

Кітаптарға сілтемені рәсімдеу үлгісі: Автордың тегі, инициалдары, үтір; (Жарияланған жыл) – үтір; Кітап атауы – *курсив*; Басылым нөмірі (екінші немесе кейінгі басылымдар) – үтір; Баспа (баспахана) – үтір; Басылған қала – нүкте.

Мысалы: Смит, Дж., (2021), *Введение в социологию*. Изд. 2, Routledge, Лондон.

Интернет дереккөздері: Егер электрондық түрдегі дереккөзге сілтеме жасалса, соңында келесі мәлімет көрсетіледі: сұраныс жасаған кездегі толық URL (available at:). Мысалы, Всемирная организация здравоохранения (2023). *Глобальные тенденции в области здравоохранения*, ВОЗ, [https://www.who.int/]. Accessed: 10 October 2023.

Кітап бөлімдеріне сілтемелер: Автордың тегі, инициалдары, (жылы); “Бөлімнің атауы”; Редакторлардың тектері мен инициалдары; *Кітап атауы курсивпен* [Кітап атауының аудармасы]; Басылым нөмірі, баспахана, қала, ел; Бөлімнің бет нөмірлері.

Журнал мақалаларына сілтемелер құрылымы: Автордың тегі мен инициалдары; (Жарияланған жылы); *Мақала атауы курсивпен*; Журнал нөмірі, журнал атауы; Мақала беттері.

Мысалы, : Doe, A. (2019). “*Exploring Modern Art*”, №4 (12), Art Journal, pp. 34-50.

Электрондық журналдарға сілтемелер: Автордың тегі, аты, жарияланған жылы; “Мақала атауы тырнақшамен”; *Журнал атауы курсивпен*; Том нөмірі немесе шығарылым нөмірі; Мақала беттері; available at: толық URL сұраныс жасаған кездегі.

Әдебиеттер тізімін транслитерацияланған түрде (References) қайталау қажет.

References-тен кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әр автор туралы мәліметтер көрсетіледі: аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, қала, ел, e-mail, ORCID.

6. Көшіріп алу және плагиат.

Халықаралық-құқықтық актілердің, ішкі нормативтік құқықтық актілердің атаулары және ғылымда кеңінен қолданылатын терминдер, сөз тіркестері немесе жеке сөздер мақала мәтінінде кездесіп, автоматты тексеру жүйесі «плагиат» деп анықтаса да, редакция алқасының шешімімен «плагиат» тізімінен шығарылады. Бұл жағдайда айқын көшіру жоқ болғандықтан, мақала талап етілетін түпнұсқалық деңгейге жетпесе де жариялауға қабылдануы мүмкін.

Мақала мәтінінің түпнұсқалығы **кемінде 70% болуы қажет**. 55–65% түпнұсқалыққа ие мақалалар авторға жөндеуге жіберіледі. 55%-тен төмен түпнұсқалыққа ие мақалалар қабылданбайды. Түпнұсқалық деңгейі жеткілікті мақалалар екі жақты жабық рецензиялауға жіберіледі.

7. Авторлық құқықтар.

Журнал өз контентіне тегін ашық қолжетімділікті Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясы арқылы ұсынады. Авторлар өз авторлық құқығын сақтайды, жұмыстың авторлығын көрсету және журналға сілтеме жасау шартымен материалды еркін көшіру және тарату мүмкіндігіне ие. Авторлар жарияланған жұмыстың бұл нұсқасын жеке келісімдер бойынша эксклюзив емес түрде таратуға құқылы, сонымен қатар оның бастапқы жариялануына, яғни Журналға сілтеме жасау керек.

8. Мақаланы жариялаудан бас тарту негіздері:

- 8.1. Мақала плагиатқа тексеруден өтпеген жағдайда;
- 8.2. Мақалаға екі теріс рецензия болған жағдайда;
- 8.3. Автор рецензенттердің ұсыныстарын енгізбеген жағдайда;

8.4. Плагиатқа тексеру нәтижесінде мәтіннің жасанды интеллект арқылы дайындалғаны анықталған жағдайда;

8.5. Мақала бекітілген талаптарды бұзып рәсімделген жағдайда;

8.6. Мақала журналдың тақырыбына сәйкес келмеген жағдайда.

9. Жариялау этикасы

«Еуразия халықаралық құқық журналы» редакциясының саясаты Жариялау этикасы бойынша комитеттің ([Committee on Publication Ethics: COPE](#), [Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics](#)) журнал редакторлары үшін Ғылыми жарияланымдар этикасы қағидалары бойынша нұсқаулықта баяндалған ғылыми мерзімді басылымдардың дәстүрлі этика қағидаларын басшылыққа алады, ең бастысы, келесі талаптарды қамтиды:

Авторлар. Авторлардың Журнал жұмысына қатысуы әріптестермен шығармашылық өзара іс-қимылды нығайтуға, зерттеушілер мен оқырмандарға халықаралық құқықтың әртүрлі өзекті аспектілері бойынша беделді ғалымдардың көзқарасын білуге мүмкіндік береді, ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді және т.б. Авторлар жариялау этикасын сақтайды.

Мақалаларды баспаға жіберу авторлардың баспагердің – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналда мақалаларды басып шығару және оларды кез келген шет тілінде қайта шығару құқығына келісімін білдіреді. Қолжазбаны редакцияға жіберу арқылы автор(лар) ешкімнің авторлық құқығын бұзбағанына кепілдік береді. Авторлар журналдың баспагеріне – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетіне шексіз мерзімге айрықша құқықтар береді:

- даналардың таралымын шектемей туындыны көбейту (жариялау, халыққа тарату, қайталау, таралымын көбейту немесе өзге де туындыны көбейту) құқығы, туындыны кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте көбейту кезінде туындының әрбір данасында Туынды авторының (авторларының) аты-жөні болады;

- құрама туындыға қосу құқығы;

- жалпы жұрттың назарына жеткізу құқығы;

- туындының метадеректерін (атауы, автордың (құқық иеленушінің) аты-жөні, аңдатпалар, библиографиялық материалдар, туындының толық мәтіні және т.б.) тарату және жалпыға бірдей жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған шығарманың толық мәтінді нұсқаларына қосу арқылы пайдалану құқығы.

- Авторлар баспагердің туындыларға құқықтарын пайдаланатын аумақтың шектелмегенімен келіседі.

- Автор(лар) журнал баспагеріне өзінің дербес деректерін (аты-жөні, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы мәліметтер) сақтау және өңдеу құқығын мерзімі бойынша шектеусіз етіп береді. Дербес деректер оларды әртүрлі деректер базалары мен ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, талдау және статистикалық есептерге қосу, ғылым, әдебиет және

өнер туындылары объектілерінің осы дербес деректермен негізделген өзара байланыстарын жасау және т.б. үшін ұсынылады.

- Автор(лар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін толық көлемде жауапты болады.

- Автор(лар) жеке немесе бірлесіп дайындалған, жасанды интеллект (ChatGPT және т.б.) арқылы жасалмаған түпнұсқа мақалаларды ұсынады.

- Автор(лар) журналдың баспагері туындыны плагиатқа тексеруге өз келісімін береді.

- Автор(лар) жіберілген туынды бұрын еш жерде жарияланбағанын, жіберілмегенін және басқа ғылыми басылымдарға жариялауға жіберілмейтінін растайды.

- Автор журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау процедурасын, авторларға арналған нұсқаулықты, жарияланым этикасын қамтитын журналдың редакциясы саясатымен таныстырылады.

- Журнал редакциясы авторларға қарастырылып отырған тақырып бойынша ЕАХҚЖ-да бұрын жарияланған мақалаларды зерттеуді және оларға сілтеме жасауды ұсынады.

Бас редактор:

журналдың тұжырымдамасын, мақсаттарын, міндеттерін әзірлейді, журнал нөмірлерін дайындау, сайтты жүргізу, мемлекеттік, халықаралық органдармен және ресми тұлғалармен ынтымақтастық процесін басқарады, журналдың жұмысына қажетті өзге де ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді;

белгілі ғалымдармен оларды редакциялық алқаға тарту мақсатында, сондай-ақ рецензенттер немесе авторлар ретінде тартуға жұмыс істейді;

техникалық талаптарға сәйкестігі бойынша бастапқы іріктеуден және плагиатқа қарсы тексеруден өткен әрбір келіп түскен мақала бойынша рецензенттерді айқындайды;

авторлардың, рецензенттердің, редакция алқасы мүшелерінің жариялау этикасын сақтауын бақылайды;

рецензенттердің пікірлері мен ағымдағы нөмірдің мазмұнын анықтау бойынша журналдың редакция алқасының отырысында материалды талқылау негізінде келіп түскен материалды жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдайды;

бір мақалаға оң және теріс рецензиялар келіп түскен жағдайда, оны қосымша рецензиялау үшін үшінші маманға жібереді не мақаланы жариялау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды;

Редакция алқасы отырыстарын өткізеді.

Редакция алқасы құрамы отандық және шетелдік ғалымдардан, оның ішінде Web of Science немесе Scopus халықаралық дерекқорларында журналдың тақырыптық бағыты бойынша Хирш индексі жоғары ғалымдардан тұрады.

Редакция алқасы мүшесі:

көрнекті ғалымдарды автор ретінде тарту үшін олармен жұмыс істейді;

журналды танымал етуге, сондай-ақ оны өз еліндегі және халықаралық деңгейде рецензияланатын ғылыми басылымдар тізіміне енгізуге ықпал етеді;

Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) халықаралық дерекқорлар базасында жеке Хирш индексін жоғарылатады;

Редакция алқасының отырыстарына қатысады, журналды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Бас редактор және редакция алқасы мүшелері:

жариялауға ұсынылған мақалалардың сапасына ерекше назар аударуға;

журналдың редакциясы алқасының отырыстарына қатысуға, мақала бойынша рецензенттердің шешімдерімен келісу/келіспеу бойынша өзінің дәлелді шешімін айтуға, журнал нөмірлерінің мазмұнын айқындау бойынша шешімдер қабылдауға;

қолжазбалардың зияткерлік мазмұнын автордың/авторлар ұжымының тіліне, жынысына, нәсіліне немесе этникалық тегіне, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан бағалауға;

өзінің барлық қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және жариялау этикасының ережелерін басшылыққа алуға міндетті.

Журнал редакциясы:

Журнал редакциясы мақала авторларымен тікелей жұмыс істейді, авторларға ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялау бойынша қызмет көрсету агенттіктерімен жұмыс істемейді.

плагиатқа тексеру үшін Антиплагиат ВУЗ және Turnitin-iThenticate лицензиялық жүйелерін пайдаланады, соның ішінде халықаралық дерекқорларды тексеру мүмкіндігі бар.

әр мақалаға DOI (doi) анықтайды;

журналдың электрондық сайты (беттерін) (оның ішінде қазақ және ағылшын тілінде) тұрақты толтыру арқылы ғылыми басылымның ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етеді, **онда:**

ғылыми басылымның қағаз және/немесе электронды нұсқасы туралы ақпарат, басылымның құрылтайшысы және (немесе) басылым меншік иесі туралы мәліметтер және оның сайтына сілтеме;

ғылыми басылымның мақсаты мен тақырыптық бағыты;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (бар болса), жұмыс орны, белсенді цифрлық сәйкестендіргіші (ORCID (ОРСИД) немесе институциялық бейіндерге сілтемесі көрсетілген редакция алқасының (редакция кеңесінің) құрамы. Редакция алқасының мүшелері сәйкестендірілген және байланыс үшін қол жетімді;

мақалаларды рецензиялау түрі мен тәртібі **көрсетіледі**;

жарияланым этикасының сақталуын бақылайды және ол бұзылған жағдайда бас редакторға дереу хабарлайды.

Қажет болған жағдайда автордың аңдатпаларын, түйін сөздері мен деректерін қазақ тіліне аударуды жүзеге асырады;

құжаттаманы (журнал мұрағаты, хат алмасу және т.б.) жүргізеді.

Редакция авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің этикаға сай емес қылығын анықтаған жағдайда тез арада шешім қабылдауға міндеттенеді

Рецензенттер:

жарияланатын мақаланың сапасын, нәтижелерді ұсынудың дұрыстығы мен анықтығын ұсынылған рецензия құрылымына сәйкес бағалайды;

қолжазбалардың мазмұнын автордың/авторлар ұжымының тіліне, жынысына, нәсіліне немесе этникалық тегіне, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан қарастырады;

рецензияларды редакция алқасы ұсынған мерзімде мақалаларды беру және рецензиялаудың онлайн-жүйесіне жібереді;

«шартты» рецензиялауға жол бермейді;

мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаларды қарастырмайды, бұл туралы бас редакторға дереу хабарлайды.

Авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің жоғарыда айтылмай қалған этикалық жүріс-тұрыс нормаларын бұзуы ықтимал жағдайлары Жарияланым этикасы бойынша комитеттің ([Committee on Publication Ethics: COPE](#), [Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics](#)) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидалары бойынша нұсқаулығының негізінде шешілетін болады.

Мақалаға қойылатын талаптар.

Мақала:

- редакция талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс;
- жіберу кезінде жарияланбауы немесе басқа басылымда қарастырылып жатпауға тиіс;
- түпнұсқа зерттеулердің нәтижелерін қамтуы керек;
- автор/авторлық ұжым жұмысының нәтижелерін ғана қосу керек (өзге тұлғаларды қосуға жол берілмейді). Мақаланы жіберу арқылы барлық авторлар осы журналдағы жарияланыммен келіседі және мақалада авторларды көрсету тәртібіне қарсы емес деп саналады;
- дәйексөздер тізімінде зерттеу барысында шынымен пайдаланылған дереккөздерді ғана қамтуы керек;
- мақалада барлық пайдаланылған дереккөздер (соның ішінде автордың/авторлық ұжымның жұмысы) көрсетілуі керек.
- жасанды интеллект (ChatGPT және т.б.) көмегімен дайындалған мақалалар жариялауға қабылданбайды.

Қаралған қолжазбаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты шағымдар болған жағдайда редакция алқасы жауап шараларын қабылдауға міндеттенеді, яғни алдымен мақала авторынан түсініктемелер сұрайды. Тергеп-тексеру автордан қанағаттанарлықсыз жауап алған жағдайда ғана жүргізіледі.

Редакция бас редакторға, редакция алқасы мүшелеріне, рецензенттерге журналда мақала жариялауға мүмкіндік береді, бірақ олар өз ұстанымдарын пайдалана алмайды. Барлық мақалалар, соның ішінде арнайы басылымдардың

жауапты редакторларының мақалалары да рецензиялау рәсімінен өтеді және журналдың редакция алқасының отырысында қаралады.

Жарияланған мақалаларда өрескел қателер (формулалардағы қателер, техникалық себептер бойынша көрсеткіштер) анықталған жағдайда түзетулер туралы ақпаратты келесі нөмірлерде жариялай алады.

10. Ретрагирлеу (кері қайтарып алу).

Ретрагирлеу (ретракция) – ЕАХҚЖ жариялау этикасын бұзылған жағдайларда, соның ішінде:

- мақалада плагиаттың анықталған;
- мақаланың бірнеше басылымда жарияланған;
- фальсификациялар (деректер, авторлық құрам және т.б.) болған;
- жасанды интеллект (ChatGPT және т.б.) қолданылғаны анықталған

жағдайларда мақала кері қайтарылып алынады.

Редакция мақаланы кері қайтарып алуға шешімді өз сараптамасы, автор(лар) өтініші немесе редакцияға түскен басқа ақпарат негізінде қабылдайды.

Мақаланы кері қайтарып алу туралы шешім қабылдас бұрын редакция авторға/авторларға мүмкін болатын шешімді жіберіп, өз позициясын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Редакция журналдың редакция алқасының отырыс хаттамасында ретракция себебін және ретракция күнін көрсетеді. Мақала және оның сипаттамасы журналдың тиісті шығарылымы сайтында қалады, бірақ оған «ОТОЗВАНА / RETRACTED» белгісі және ретракция күні қойылады. Бұл белгі PDF нұсқасында және шығарылымның мазмұнында да көрсетіледі.

Авторлар, редакторлар немесе баспагерлердің мынадай әрекеттері: өз мақалаларына жеке рецензия ұсыну; «шартты» немесе жалған рецензиялауға жол беру; ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау агенттіктеріне жүгіну; авторлық құрамды бұрмалау; псевдоқұжаттар жариялау; мақалаларды авторлардың келісімінсіз басқа журналдарға беру; автор материалдарын үшінші тұлғаларға беру; авторлық құқықты және редакциялық процестердің құпиялылығын бұзу; сілтемелермен манипуляция жасау, плагиат, фальсификация және фабрикация этикаға сай емес әрекет деп саналады.

Қолжазбаны қарау немесе алдын ала баспа дайындау процесінде автордың этикаға сай емес әрекеті анықталған жағдайда, редакция қолжазбаны ары қарай қараудан алып тастауға және автормен ынтымақтастықты тоқтатуға құқылы. Автордың этикаға сай емес әрекеті жарияланғаннан кейін анықталса (мысалы, параллельді жариялау, авторлық құқықты бұзу, плагиат және т.б.), редакция мақаланы журнал сайтынан және архивтік/ғылыми индекстеу базаларынан кері қайтарып алуға (ретракция) шешім қабылдай алады, сондай-ақ басқа журналдарға (параллельді жарияланған) автордың этикаға сай емес әрекеті туралы хабарлайды.

Редакция жарияланымды кері қайтарып алу (ретрагирлеу) бойынша негізсіз шешім қабылдамауға міндетті, тек жариялау барысында елеулі проблемалар

(автордың этикаға сай емес әрекеті) анықталған жағдайда ғана шешім қабылдайды.

11. Ғылыми мақалаларда жасанды интеллектті қолдану ережелері.

Журнал редакциясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы 1 Қосымшасының 5-бабында (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрығының редакциясында) белгіленген қағидаттарға сүйене отырып, ғылыми жарияланымдарда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану жөніндегі өз ұстанымын анықтайды.

Құқықтық зерттеулердің ерекшеліктері мен академиялық адалдық қағидаттарын ескере отырып, редакция ЖИ технологияларын жауапкершілікпен, этикалық және ашық түрде қолдану саясатын ұстанады.

Редакция ЖИ технологияларын тек қосалқы мақсаттарда қолдануға рұқсат береді, бірақ төменде белгіленген талаптарды қатаң сақтау шарт:

1. Авторлар ЖИ технологиялары арқылы алынған ақпаратты дәл, қауіпсіз және этикалық пайдалану үшін жауапты;

2. ЖИ қолданылғанына қарамастан, авторлар ғылыми нәтижелерді, қорытындылар мен ұсыныстарды тәуелсіз түрде қалыптастырылуға тиіс.

3. Авторлар ЖИ технологияларын қолданған фактілерді көрсетуі қажет, оның ішінде, қай кезеңде және қандай мақсатта ЖИ технологиялары қолданылғаны, алынған деректердің дұрыстығын тексеру және оларды өңдеу, интерпретациялау әдістерінің сипаттамасы, ЖИ технологиясы туралы ақпарат: атауы, жасаушы (құқық иесі), нұсқасы, қолдану және сұраныс күні көрсетілуі қажет.

Сілтеме үлгісі: OpenAI (2025) ChatGPT (генеративті ЖИ-интерфейс). Қолжетімді: <https://chatgpt.com/> (қолданылған күні: 24.12.2025).

4. ЖИ қолдануға қатысты тиісті мәліметтердің жоқтығы ғылыми мақалада ЖИ технологиялары қолданылмағандығын растайды деп есептеледі.

5. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу кезінде (анкета, тест, сауалнама және т.б.) ЖИ технологияларын қолдануға рұқсат беріледі.

ЖИ технологияларын:

1. Мақала мәтінін жасау үшін (аннотация, кіріспе, әдебиеттер шолуы, әдістеме, нәтижелер, талқылау, қорытынды, әдебиеттер тізімі);

2. Технология туралы ақпаратты, оның ішінде атауы, нұсқасы, құқық иесі және қолдану күнін ашпай қолдану;

3. Плагиатқа қарсы жүйелерді айналып өту немесе плагиат анықталу ықтималдығын төмендету үшін;

4. Басқа авторлардың мәтіндері мен идеяларын бұрмалап, көшіріп алынғанын жасыру үшін;

5. Этикалық шектеулер және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау қажеттілігіне байланысты 13 жасқа дейінгі балалар қатысатын зерттеулерде;

6. Нақты зерттеулер жүргізбей жалған эксперименттік деректер жасау үшін қолдануға тыйым салынады.

Редакция ЖИ технологияларын қолдану автордың қосқан үлесін сақталып, жарияланымның ғылыми дәлдігі қамтамасыз етіле отырып, ашық, шектелген және академиялық этика қағидаттарына сәйкес болуға тиіс екенін атап көрсетеді.

12. Редакция мекенжайы:

010008, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сәтпаев көшесі 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік корпусы, 325-кабинет, +7 (7172) 709-500 (31-267).

13. Төлем:

Журналда мақала жариялау үшін төлем жарияланған кезде қолданыстағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқа ақылы қызметтерінің баға тізіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Банк реквизиттері:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
БИН 010140003594

«Банк ЦентрКредит» АҚ БИЛ Банка: KСJBKZKX
KZ978562203105747338

К6е 16

Кнп 859 — мақалаға

2. АО «Bank RBK»

БИК Банка: KINCKZKA

ИИК: KZ498210439858161073 К6е 16

Кнп 859— мақалаға

3. **Kaspi.kz** >Төлемдер > Білім беру > Қосымша білім > Ұйымды таңдау (ЕҰУ хабаршысы)

1. Автордың толық аты-жөні
2. Автордың ЖСН-і
3. Журнал сериясын таңдаңыз (тізімнен)
4. Сома



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>)

ІЛЕСПЕ ХАТ

Авторлар осы хатты басшылыққа ала отырып, «Eurasian Journal of International Law» журналына «**МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ**» мақаланың автор(лар)ы **АВТОР(ЛАР)ДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ** ғылыми мақаласын жариялауда ешкімнің авторлық құқығын бұзбағаны жөнінде кепілдік береді. Авторлар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журнал баспасына шектеусіз мерзімде келесідей айрықша құқықтарды ұсынады:

- мақаланы шығару құқығы (жариялауға, таратуға, көбейтуге, тираждауға немесе мақаланың басқа да көбеюлеріне), даналар таралымының шектеусіздігіне, мақаланы кез келген жолмен тарату құқығын береді. Сонымен қатар, бұндай жағдайда, мақаланың әрбір данасында **автор(лар)дың** аты-жөні болады;
- мақаланы құрама жұмысқа енгізу құқығы;
- жалпыға жария ету құқығы;
- мақалалардың метадеректерін пайдалану құқығы (атауы, автор(лар)-дың аты-жөні (авторлық құқық иесі), аңдатпалар, библиографиялық материалдар, мақаланың толық мәтіні және т.б.). Осы арқылы, мақалаларды жалпыға жариялау және жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорларға және ақпараттық жүйелерге, оның ішінде мақаланың жарияланған толықмәтінді нұсқаларын енгізу құқығы.

Мақаланы қолдану құқығының аумағы шектелмеген.

Сондай-ақ, **автор(лар)** журнал баспасына сақтау және жеке деректерді мерзімсіз өңдеу құқығын береді (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы, жұмыс орны және лауазымы жайлы мәлімет). Дербес деректер оларды сақтау және әртүрлі дерекқорларда және ақпараттық жүйелерде өңдеу, оларды аналитикалық және статистикалық есептілікке қосу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен және т.б. негізделген өзара байланысын құру үшін ұсынылады.

Автор(лар)ға ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін толық көлемде заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік міндеттеледі. **Автор(лар)** журнал баспасына мақаланы плагиат мәніне тексеруге келісімін береді.

Автор(лар) мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жіберілмегенін және жіберілмейтінін растайды.

*Ілеспе хат мекеменің ресми бланкісінде рәсімделеді және мекеме басшысының қолы қойылады (ЖОО үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі жетекшілік етуші проректор).

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті авторларының Ілеспе хатын факультет деканы растайды.

Орынд.: Автор(лар)дың аты-жөні